

**6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша
PhD докторанты Данияр Абдувалиевич Абдамбаевтың
«Арилоксипропинил пиперидол және кейбір адамантан карбон қышқылы
туындысынан биологиялық белсенді субстанцияны химиялық жасау»
тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, доктор PhD
Манас Тоқтасынұлы Омырзаковтың**

ШКІРІ

Қазіргі уақытта еліміздің денсаулық сақтау жүйесінде, соның ішінде фармацевтика саласында үлкен, маңызды, ертең барлық тұрғындар өміріне әсер етуші өзгерістер еніп жатыр. Бұның бәрі дүниежүзілік жаһандануға, мемлекетаралық қауымдастықтардың пайда болуына байланысты заңды құбылыс. Сондай қауымдастықтың біріне Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) жатады.

2017 жылғы 6 мамырда ЕАЭО елдерін дәрілік заттарға айналымға арналған нормативтік базаны ратификациялағаннан кейін, Комиссия мүше мемлекеттермен бірлесіп дайындалған жиырма алты құжат, оның ішінде ЕЭК Кеңесінің жиырма бір шешімімен, төрт шешім және ЕЭК Кеңесінің бір ұсынысы күшіне енді. Алайда, қазірге шейін ЕАЭО төңірегінде көзделген шаралар толығымен айналымға енген жоқ, бірақ оның толық енуі уақыт мәселесі. Бұндай өзгерістер отандық фармацевтикалық препараттар өндірушілеріне және жергілікті дистрибуциялық компанияларға қатаң бәсекелестік жағдайда жұмыс жасауға әкелетіні сөзсіз. Дегенмен, мұндай құрамына алты мемлекет кіретін одақтастық, оригиналды дәрілік заттар өндірушілеріне қолайлы жағдай тудырмақ. Сондықтан, PhD докторанты Д.А. Абдамбаевтың көздеген мақсаты көрегендікпен таңдалған, ал оған жетуге қойған міндеттері дұрыс құралған.

PhD докторант Д.А. Абдамбаевтың ғылыми жұмысының басты идеясы көптеген физиологиялық белсенді қосылыстардың негізгі құрамдас бөліктерін бір молекулаға біріктіріп, бұрын-соңды зерттелмеген химиялық комбинациялар алу, солардан отандық оригиналды субстанция жасау. Соған байланысты ол нафтил, пропинил және пиперидин топтарын қосу арқылы арилоксипропинил пиперидолдар қатарын және адамантан мен карбон қышқылын қосу арқылы адамантан карбонқышқылы туындыларын алды. Синтез нәтижесінде жалпы 17 қосылыс синтездеді, олардың барлығының биологиялық белсендігі алғаш рет сыналды. 17 қосылыстың 11-і ғылымда жаңа, синтезі, құрылысы және физикалық параметрлері әдебиеттерде сипатталмаған қосылыстар. Сондықтан докторанттың диссертациясы ғылыми тұрғыда жаңашыл жұмыс.

PhD докторант Д.А. Абдамбаев жұмысының тәжірибелік бөлімін беделді үш ғылыми-зерттеу орталығында, арнайы келісім бойынша жасады. Синтездеу, сосын бастапқы физика-химиялық параметрлерін зерттеу жұмыстарын А.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институтында жасады. Алынған қосылыстардың биологиялық белсендігін, цитококцикалығын АҚШ, Миссиссиппи университетіне қарасты NCNPR – Табиғи өнімдерді зерттеудің ұлттық ғылыми орталығының базасында және отандық инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығында

талабымен жұмыс жасайды, сондықтан Абдамбаев Д.А. мәліметтерінің растығында және туралығында еш күмән жоқ. NCNPR-де алынған нәтижелер онлайн жүйеде тіркелген, арнайы сұраныс бойынша тексеруге болады.

Сәттілік - бұл ғылымның маңызды факторы, өйткені PhD докторант Д.А. Абдамбаев табысты молекуланы таңдады. Оның алған субстанциясы фунгицидтік белсенді, тұрақты әрі улы емес болып шықты. PhD докторант Д.А. Абдамбаевтың жұмыстары Ұлттық медицина университетінің ғалымдары және зерттеу орындарының мамандары тарапынан жоғары бағаланды. Ол жетекші молекула негізінде F-7 субстанциясын өндірудің технологиялық және аппаратуралық сызбаларын құрастырды.

PhD докторант Д.А. Абдамбаев ғылыми-зерттеу нәтижелерінің қорытындыларын мақала мен тезис түрінде отандық және шетелдік ғылыми баспаларда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында және Scopus мәліметтерінің халықаралық базасына кіретін рецензияланатын ғылыми журналдың ағымдық нөмірінде жариялады.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жасауда, нәтижелерін жүйелеуде, қорытындылауда, соның бәрін диссертациялық жұмыс ретінде баяндауда PhD докторант Д.А. Абдамбаев өзінің білімін, дәрілік заттар өндірісінде істеген тәжірибесін және жанжақты мүмкіндіктерін оңтайлы пайдаланды.

PhD докторант Д.А. Абдамбаев алдына қойған міндеттерін толық орындау арқылы көздеген мақсатын орындады.

Аталып кеткен мәліметтерді ескере отырып, PhD докторант Д.А. Абдамбаевтың диссертациялық жұмысы барлық талаптарға сай, логикалық түсінікті, жетік тілде жазылған және қойылған мақсат, міндеттер, зерттеу ауқымы мен әдістері, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік өзектілігі 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденудің диссертациясына қойылатын талаптарға сай аяталған ғылыми жұмыс деп санауға болады

Ғылыми кеңесші, PhD



М.Т. Омырзақов